



Кәрім Садық Кәрімұлы

1932 жылы қаңтардың 22-де Шарбақты ауылында дүниеге келді.
1951 жылдары Өскемен мұғалімдер институтының «География және биология» факультетінде оқыды. 1953–54 жылдары Лебяжі орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді.
1954–58 жылдары Семей педагогикалық институтында «химия және биология» факультетінде оқып, осы институтты тәмамдады.
Зорь, Октябрь, Казанғай орта мектептерінде директор қызметін атқарды.
1962 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Шарбақты орта мектебінде жұмыс істеді. Еңбегі бағаланып аудандық, облыстық оқу бөлімінің грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталды.
1998 жылы мамыр айында дүниеден озды.